

«Экономика» кафедрасының студенттері мен ПОҚ Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауын насихаттау

2018 жылдың 8 ақпан күні «Экономика» кафедрасының профессоры Сыздықов Б.Ш. Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауын насихаттау барысында дөңгелек үстел өткізді. Он негізгі міндет аясында өндіріс үдерістерін сандық негізге көшіру арқылы индустрияландыруды өрістетуге, білім беруді жаңа сипатта дамыту, қаржы секторын қайта қалыптастыру, көлік-логистика инфрақұрылымының тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықпен күрес және тиімді мемлекеттік басқару жүзеге асатынына қатысты әр тармақтарды талдап-талқылап маңыздылығын түсіндірді. ЭК-26маг тобының магистранты Әбілқасым А., ЭК-115 тобының студенті Жұпарбай Г. өз ойларын ортаға салды, Елбасымыздың Жолдауы түсінікті әрі айқын екенін айтып қолдап қуаттады.

Кафедра меңгерушісі э.ғ.к. Сабенова Б.Н. - Елбасымыздың Жолдауы «Қазақстан-2050» стратегиясы мақсаттарына бастайтын, еліміздің экономикасы жоғары қарқынмен дамуына және 30 озық елдің қатарына қарай тұрақты түрде ілгерілеуге бағытталған, осы жолдауды іске асыруға барлығымыз атсалысайық деп өз пікірін білдірді.





